

1 20.11  
29914 к

Казактың 100 романы

Смағұл ЕЛУБАЙ  
АҚ БОЗ ҮЙ

Л 204/2994 к



**Смағұл ЕЛУБАЙ**  
**АҚ БОЗ ҮЙ**

**Роман**



**Алматы**  
**“Жазушы”**  
**2011**

УДК 821.512.122 – 39

ББК 84 Каз 7-4

Е 49

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті

“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару” бағдарламасы  
бойынша шығарылды

## Жобаның жетекшісі

ҚР ҰҒА академигі

***Рымгали Нұргали***

**Редакциялық алқа:**

*Әлібек Асқаров*

*Мұхтар Құл-Мұхаммед*

*Рахманқұл Бердібаев*

*Есенгали Раушанов*

*Есенбай Дүйсенбайұлы*

*Берік Шаханов*


(жауапты редактор)

**Елубай С.**

**Е 49 Ақ боз үй: роман.** – Алматы: Жазушы, 2011.–  
376 бет.– “Қазақтың 100 романы” сериясы.

ISBN 978-601-200-308-6

Романға кешегі кеңестік кезеңдегі қазақ халқының жа-  
зылмаған шындығы, айтылмаған тарихы арқау болған. Откен  
ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық зардалтары, көмпеске  
кезіндегі құғын-сүргін оқиғалары жөнінде кеңінен әңгімелейді.



УДК 821.512.122  
ББК 84 Каз 7-4

ISBN 978-601-200-308-6

© Елубай С., 2011  
© “Жазушы” баспасы, 2011



# АҚ БОЗ ҮЙ

Алғашқы салттардың көмегінде  
біліктілік жаңынан анықталған

**Роман**

...Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді...

(“Елім-ай”)

## ҚҰДЫҚ БАСЫНДА

1

Елсіз жым-жұрт бос жатқан құла түз. Көз байланып, қараңғы үйіріле бастаған. Қадау-қадау қалқиған сирек бұталар. Үмырт көрпесін үстіне тартып, жай созылған қең сахара бейбіт үйқыға бой ұсынған шақ. Төңіректі қоршап, қоймалжың ұйыған осынау тыныштықты сәл дір еткізе елеңдетіп, әлден уақытта әрегірек қалтарыстан сынғыр етіп тұншығып қонырау үні естілді. Тұн ішінен құмығып талып жетті. Көп ұзамай қонырау ашық сынғырлап, жақындай берді. Түйелері шұбап тізіліп, тұн ішінде келе жатқан керуен шалынды. Ауыр жүк тиелген атан, нарлар. Үнсіз жолаушылар. Түйе мойындарындағы жез қоныраулар жүріске бір ырғак тербетіліп сынғыр қағады. Шертпе күйдей жаяуқоңыр әуен таратады. Тыныш кештің шырқын бұзбай, қайта осынау бейуақ сәттің тылсым кейпіне әдемі үйлесіп жарасатындей...

Керуен көп ұзамай жолдан шықты. Құмсақ шағылға іркілді. Түйелерін шағын аланға айналдыра шөгеріп, ортаға қашық, қоржын жүктегін түсірді. Сілесі қатып шаршаған алты-жеті кісі аздасын

бастарына қоржындарын жастады да, киімшөң қалпымен қисая кетті. Жамбастары жерге тиісімен жолсоқты жолаушылардың талайы “қор” етті.

Жалғыз Әзбергеннің ғана көзі ілінбеді. Әзберген анау, басына шапанын бүркеніп жатқан Пахраддиннің інісі. Пахраддин бәйбішеден, бұл тоқалдан туған. Әзберген өмірге өлердей ызалы. Әсіресе, “байлардың күні батуға таяу” деген, кеше жәрменқеде есіткен әңгімeden кейін ызалы.

Ұйықтай алмай басын көтерді. Қараса Пахраддин орнынан тұрып кетіпти. Жұлдызы жайнаған тұнгі аспанның астында, анадай жерде теріс қарап сұлбасы қарауытып тұр. Иығында шапаны. Кешеден бері бір онашасын күтіп жүр еді бұл. Тиісудің реті келді енді. Түрегеп, бұған сырт беріп тұн өлкесіне назар жіберіп тұрған мол денелі Пахраддинге таяу барды. Шырт түкірді. Пахраддин сәл ығысып бұған көз қығын тастанды. Бірақ тіс жармады. Әзберген де біразға шейін қасақана үндемеді. Қабағы қарс жабылып, тұн өлкесіне бұ да қарады. Ауызын ашса іштегі ашу-ыза лақ ететін түрі бар. Ақыры шыдамады, талағы тарс айрылды:

— Сенсің, — деді дүңк етіп. — Сен кінәлісің! Баяғыда-ақ көшу керек еді! Кету керек еді! Енді міне...

Әзберген сөзге жоқ, істің, қымылдың адамы. Одан ары қарай не дерін білмей тұтығып, бұлығып тұрып қалды. Пахраддин үндемеді. Күрсініп, теңселгендей болып тұрды да, ләм-мим деместен қарауытып жатқан жүктеге қарай бұрылып жүре берді. Шапанын бүркеніп жатып қалды.

Көп үзамай шығыс жиекті бозартып ай туды. Батыс аспанды сызып, зырқырап жалғыз жұлдыз акты. Жусан арасында заржақ шегіртке шырылдайды.

Әзберген құмсак үстінде шалқасынан жатып, тұнгі көктең түбі жоқ терең ойға шомды. Жел жағында көлбеп жатқан салпы ерін сары атанның шайыр ісі танауға келіп тұр. Тіздеулі түйелер үрттары бұлтыңдап “курс-курс” күйіс қайырады. Теріс қарап шапанын басына бүркеніп Пахраддин жатыр. Осы ағасын түсінбейді. Би деген аты бар. Анау жатқан Мажандай мың-мыңдап мал айдамағанмен дәuletсіз де емес. Сөйтсем, мандайымнан сипар дей ме?! Түсінсе бұйырмасын. Откен жылы ғана қолына мөр тиген ауылдағы етікші Шәріптің алдында бүгежектейтінін қайтерсің. Соны көріп, әшейінде асқар таудай көсемсіп жүретін Пахраддиннің кішірейгенін көріп, жан баласынан ығып көрмеген Әзбергеннің жұні жығылып жүр. Бірақ іштей берілуге жоқ Әзберген. Келер әлі бұның заманы да қайта айналып. Әңгір таяқты ойнатар сонда “өкіметпін” деп шелтендеген Шәріптің төбесіне. Сол Шәріптің азу тісі біліне бастаған әнебір Шеге деген “кушігінің де” жон арқасынан тіліп алар таспаны. Ойы осы жерге келгенде зығырданы қайнап кетті Әзбергеннің. Ойбай-ау, артына қарамай өзі, әлгі етікшінің баласын айтады, Хансұлудан дәмесі бар... Қап, қылуасы өтті-ау, жаман шіріктердің. Хансұлу Әзбергеннің қарындасы. Пахраддиннің мандайына біткен жалғыз қызы. Талшыбықтай бұральш бойжетіп қалған бүгінде. Өзі сұлу десен ұлу, ерке десен ерке. Оған жаман Шәріптің анау шікірейген немесінің саусағы тиді дегенше бұл намыстан буынып өлер.

Иен далада жатып өстіп ызаға булықты Әзберген. Күйіп-жанып, күз тұнінің ет тоңазытар кәдімгідей ызғарын да сезген жоқ. Таңсәріде жұрт ұйқыларын қандырып, тынығып оянғанда бұл беті ісіп, түнеріп,

талауранып оянды. Жара бұлттай қабағы қарс жабылып, сүйретіліп түрды орнынан.

Содан, ала кеуен таңменен жалғыз керуен атан, нарлары алшаң басып, жez қоңыраулары сыңғыр қағып, тағы да жолға түсті. Алда ел бар. Бұлар айға жуық бетін көрмеген ел-жұрағат, қатын-қалаш, бала-шаға бар.

Керуен салдыртып тартып келеді.

## 2

Күзекте отырған ауыл. Жер реңсіз. Шөбі тозған. Әсіресе, күдық маны жалаңаштанып шаны шығып жатыр.

Жаман торы атын жайдак мініп, солай қарай Шеге келеді. Төнірегі азан-қазан; қой маңырап, ит үріп, бота боздаған кешкі ауылдың данғаза тірлігі. Мал, адам сапырылышқан қарбалас кезі. Шеге соның біріне көніл бөлмей ойланады. Ойланған сайын еңсесі ауырлай түседі. Бұ да қызық. Әліне қарамай армандағаны – Хансұлу. Күн, тұн демей көксегені – сол қыз. Ау, сонда жалғыз Хансұлу дәмегей қалың бозбаланың қайсыбіріне жетеді? Не көп, осы елде қыз көп. Солардың біреуіне неге көнілі соқпайды? Хансұлуда несі бар? Несі бар, аспандағы айға қол созып? Білмейді. Пахраддиннің еркебұлан қызының бетін қай қасиетімен бұрмак өзіне? Не дәuletі тасқан, не атак-абыройы асқан текті атаның да ұлы емес. Үйінің сиқы анау – қырық жамау, ауыл шетінде киқиып тұрған. Әкесінің түрі анау – аксак қойға жете алмай, ойбайлап, көгенді айнала жүтіріп жүрген. Жеті атасынан шыр бітпеген, етікші Шәріп. Жұрт оны күйгелек мінезіне қарап “Шырылдауық Шәріп” дейді. Өзінің түрі мынау – жаман торының арқасында

суырша сопайып отырған. Шоқпыт үйден шыққанын былай қойғанның өзінде қара басынан да бір көз қонақтар ерекше қасиет табылмайды-ау. Қысық көз, арық, пышактың қырындай сопайған қара бозбала. Сорайған бойдан басқа Жасаған Ие бұған ешнәрсе берменті. Не өнер бермеген, жиын-тойда домбыра тартып, ән салып сурлып шығып, қызықтың назарына іліне қоятын. Не шешен тіл бермеген, бұзып-жарып сөйлеп жүртты елең еткізетін. Ең болмаса, анау құдық басында су тартып жатқан Бұльштың атындай жүйрік ат, жеткір тазы да жазылмаған бұның маңдайына. Қайсы бірін айтарсың, ең азы, жасы он алтыға келсе де осы Шегеде ұялмай киетін киім де жок...

Құдық жақта шығыр тартып жатқандардың “Тарт!”, “Қайт!” деген айқайы бөліп жіберді ойын. Еңсесін көтерді. Күн еңкейіп көкжиекке құлапты. Көленке ұзарып, батар күннің қиғаш түскен шапағы жайдак дала, қоңырқай белдерді қызылқай жалқын нұрға бояп тұр. Ауыл алдындағы ойпандағы құдық басы қазір үйме-жүйме мал. Қараң-құран адам. Құдыққа шұбап құлап жатқан өрістен қайтқан жылқы, суға қанып қарындары қампиып ойпаннан мамырлап шығып бара жатқан түйелер. Солардың көбі анау адырспанды сары белде отырған Мажан ауылынікі. Мажан бас болып ішінде Пахраддин бар, ауылдың бір топ азаматы сонау Темірге, жәрменқеге мал айдал кеткен.

Қазір екі ауылдың арасы алажабыр мал. Түйе сауып, бота қайырып сыртта өріп жүрген жүрт. Сыңғыр-сыңғыр жез қонырау үндері. Малдың шуы мен кісі айқайлары ию-қилю араласып жатыр. Мал тұяғынан көтерілген шаң желсіз тымықта ауыл

үстінде іркіліп тұр. Жер ошактардан шудаланып тұтін шығады.

Құдыққа жақындей бере, Шеге түйесін суарыш жатқан құрдасы Ждақайды көріп мырс етті. Осы ауылдағы сырласатын жалғыз досы. Екеуінің мұнды бір. Ол да – ғашық. Жәрменкеге кеткен Мажанның ауылда қалған жас тоқалы Балқияға ғашық. Бұның “кеселі” – Хансұлу. Екеуінің басы қосылса болды “жырлайтындары” Балқия мен Хансұлу жәйі.

Шегені анадайдан көріп сойған тұлқідей ыржиғы Ждақай. Төртбақ келген, шымыр, тарғыл бет бала жігіт.

— Тарт! — деп айқайлады, қауға алыш тұрған атанжілік қара жігіт Бұльш.

Шығырға жегілген астау бас қара нар маңқиыш теріс айнала беріп жапырылып алға ұмтылды. Ашамайға байланған қайыс арқанды жұлқа тартты. Бүйдасын ұстаған бала жүгіріп алдына тұсті.

— Қайт!

Балақ жұні бесіктей Шойынқара алшан-алшан басып кейін қайтты.

Құдықтың тас ернеуінде талтайш тұрған Бұльш су толы қауғаны шірене тартты. Келесі сөтте бұы бұрқыраған көкбүйра су гүрілдеп астауға актарылды.

Астауды қоршаған үйір түйе суды сораптап жатыр.

Ждақай Шегені бүйірден тұртты.

— Қасқа бала, анаң қара! Ары жағыңа қара! — деді. Шеге бұрылып Ждақай нұсқаған жаққа қараса, құдықтың күншығыс қапталын орағытып, Қаракерін сылаң-сылаң желдіріп Хансұлу өтіп барады екен. Басында үкісі бұлғактаған кәмшат бөрік, үстінде қырмызы кәмзор. Аш белін тұрмемен қынай байлаған. Күміс ер-турман батар күннің жалқын нұрына

малынып жарқ-жүрк етеді. Астындағы сыйда бой кер күнан да иесінің мәпелі жас сұлу екенін біletіндей, аяғын лыш-лып билеп басады.

Кыздың мойыл көз, қайқы кірпік, сәл түрік ернін елестетіп Шеге күрсінді.

— Саспа! — деді Ждақай досын иықтан сілкіп. — Тұмсығын қанша көтергенмен сенен артық кімге барады? Айтқаным келмесе қара да тұр, қасқалдак, түбінде сенікі болады!

Шеге лажсыз езу тартты. Ждақай лепіре тұсті:

— Әкең ауылсовет, кімнен қорқасың? Бас сал, альш бер деп! Оллаңи, тырп ете алмайды Паҳраддин! Береді қызын!

— Пай, сен де... желдей есесің-ау... Біреудің қызын тартып ал деген заң жоқ қой, — деді Шеге. Көзі — Қаракерін сыландаңтып ауылға такап барып қалған Хансұлуда.

— Мәссаған, қасқалдак, ендеше жүре бер сөлтиіп... Біреу қағып түссін қасқитып, — деп торсандаң қалды Ждақай.

— Тарт!

Балақ жұні бесіктей астау бас Шойынқара бүйдасын қаққан баланың соңынан ошарыла жамбастап қауғаны дедектетіп сүйреп барады.

Құдықтың батыс қанатында малы-жаны сапырылысып жатқан Мажан ауылы тұстан бір келіншек келеді сыландаپ. Иығында иінағашы, ак көйлегінің кең етегі көлең-көлең етеді. Қасына ерткен кішкентай қыз бала бар. Балқияны тани кетті Шеге. Пысықсынған Ждақайды тұқыртып алудың реті келе кетті.

— Ал Ждеке... енді сен қараши мына жакқа!

Күн астында аяқ жолдың күміс шаңын шұландаңтып келе жатқан Балқияны көргенде Жда-

қайдың реңі бұзылып қоя берді. Онсыз да тікірейген кірпі шашы одан бетер тікірейіп кетті. Табан астында тықырышып бұлінсін де қалсын... Шеге қиқылдалап күлсін кеп. Ждақай, мұрын ұшы тершіп, қызаракта:

— Қасқа бала, ешкімге айтпа, бүгін бір қызық көрсетем саған! — деді, әңгіменің бетін бұруға тырысып, құпия сыйырлап.

— Ол... неғылған қызық?

Ждақай сұқ саусағымен ернін басты. Көз қызығымен қауға алып тұрған Бұльшты нұскады. Шеге түсіне қойды. Демек, “қызықтың” Бұльш турасында болғаны.

Ақ көйлегінің етегі көлендеп құдыққа жақындей берді Балқия. Жас тоқалдың жүріс-тұрысы көрінеу еркінсіген ойнақы. Көнек шелегін жерге “танқ” еткізіп тастай салды. Орта бойлы дембелше. Көзі жабайы мысықтың көзіндей тап-таза жайнап тұр. Бүкіл назары — сақа жігіт Бұльшта.

— Есенсіз бе, бәйбіше! — деді, көмір қара Бұльш ақ тісі жарқырап күліп. Балқия бір қолымен мықынның таяна қалып, былқ-сылқ етті:

— Е, бәйбішелік қайда бізге, — деп шолақ танауын сәл көтеріп, назданып жігітке шекесінен қарады. Бозбалалар тұрған жаққа көз қығын да салған жоқ.

Ждақай бір қызарып, бір бозарды.

Балқия Бұльшпен қалжынды үдетіп жатыр. Бәсе, Ждақайды неғылсын сылқым келіншек, өзі бойдак, өзі мерген, өзі палуан сақа жігіт Бұльш тұрғанда. Жалғызілікті, кедейлігі болмаса осы елде Бұльшқа тең келетін жігіт жоқ.

Былай шыға бере Ждақай:

— Қасқитты-ау! — деді басын шайқап, күйініп. — Көз қығын да... салмады-ау...

Кешкі астарын ішіп, ауыл өлдекашан жатып қалған. Көзге түртсе көргісіз қараңғы. Ай тумаған.

Ждақайдың “қызық көрсетеміне” елігіп Шегенің Мажан ауылының түйе шаңдағында отырғанына біраз болды. Төңірегінде дуадақтай-дуадақтай теңкиіп жатқан түйелер. Кебеже қарын кәрі маяның ық жақ тасасында отыр екеуі. Баққандары – осы түсқа жақын Балқияның отауы. Томпиыш, қарауытып тұрған отау үй.

Шолпысы сылдырап үйге кіріп-шығып күйбенделп жүріп, шамды өшіріп Балқия ақыры жатып қалған.

Ждақай Шегені бүйірден түртті.

— Көрдің бе, күткені бар, жалғыз жатты. Қасқа бала, қазір көресің қызықты! – деді.

Одан кейін де біраз уақыт өтті. Отау үй әлі жымжырт. Мұлгіп тұр. Ауыл үсті монтаны тыныш. Ит екеш иттердің де жақтары қарысқан. Қора жақтан күйегі алынып қызу науқан кешкен қошқарлардың ғана арсы-гүрсі қимылдары байқалады. Әрекідік сатыр-сұтыр сүзісіп те қалады.

Ауылдың желке тұсынан байғыз шақырды. Сұңқылдаپ жаман ырым бастап тұр. Жолдары болса жарап еді. Жас тоқалдың есігін ашады деген Бұлыш аңшы әлі жок.

— Көп ұзамайды. Келеді ай тумай, – деп қояды Ждақай сыбырлап, қос өркештің арасынан мойнын созып қарай түсіп. Қарындары қампиып көлбеп жатқан түйелер марғау мұлгіп күйіс қайырады. Түйе шайырының күлімсі исі келеді.

— Сол көргенінді айта отырсай, Ждеке, қарап отырғанша! – деді Шеге. Ждақай көрген “қызығын” айтыш беруге ыңғайланды.

— Сен өз көзіңмен көрсін деп едім, әлгі ағамыз келмей қасқитқанын қарашы... Жарайды айтсам айтып берейін... — деп иығын қомдап қойды Ждақай.— Шалы қалаға кеткесін... мен қасқайшып кеш түсісімен Балқияның есігін аңдитын болдым, — деп бастады өңгімесін Ждақай.

— Ойдайт дерсің!

— Дәмем күшті. Күйеуі шал. Өзі болса жас, сылқым келіншек енді осында серілік жасамағанда, қашан жасайды деймін. Көзімді жұмсам көретінім Балқия. Ақ отауда екі тізесін құшақтап жападан-жалғыз мені күтіп отырған болып елестейді. Одан сайын дәмем күшіне түседі. Содан, қасқайғанда, күн батысымен бүкендең осында тартамын. Мажанның иттерінен маған қауіп жоқ. Түгел таниды. “Керегің Балқия болсын” дегендей, құйрықтарын бұлғап, аяғыма оратылып, Балқияның үйіне дейін апарып салады. Бірақ сол есікке жеткен жерде мені Құдай ұрып қасқаямын да қаламын. Жабық есікке қол тигізу мен үшін бір ақырзаман. Қолым дірілдеп, демім бітіп, құлағым шынылдап, жүрегім тарсылдайды. Күні кеше, тағы да сөйтіп, қасқиып есік алдында тұрсам, қараң-құраң етіп тұн жамылып біреу келеді. Зәрем ұшып кетті. Отырған жерімде ернімді тістеп, сілейдім де қалдым.

Бір кезде есімді жисам үй ішінен сыбыр-кубір естіледі.

— Бері... бері жүр, деген Балқияның үні шықты.— Байқа жолында құман тұр! — дейді.

— Жалғызың ба? — дейді Бұльш күңк етіп.

— Немене жалғыз болмай, байыммен жатыр дейсің бе?

— Тек! Бала-шаға жоқ па дегенім ғой..

— Зәрең үшпай-ақ қойсын!

Сөйткенше ағаш төсек сықыр-сықыр етті.

— Сағындың ба? — деді Балқия сыйырлап. Дауысы балдай тәтті. Бұльш:

— Сағынбасам келем бе? — деді күнгірлеп.

— Ішің кепсін, өтірік... Қолынды кім байладап жүр...

Шын сағынсан...

— Жə, қойшы.

— Әнеки, саған тек...

Одан әрі жөнді ести алмадым. Сыйырласып кетті. Мен үйге құлағымды тақай түсемін. Тысырым сезіліп қалса керек:

— Шік-әй! Өй, мүйізің сынғыр! Шік! — деп айқайлады іштен Балқия. Мен тұра қаштым.

— Қап, қимылдамай отыра бермедің бе? — деді Шеге, әңгіменің дәл ортасынан үзіліп қалғанына өкініп.

— Қасқа бала, Бұльш біліп қалса құрыдым ғой! Мойнымды жұлып алмай ма?

Желіге таман қараңғыда шоқыып отырған кісіні көріп Шегенің жүргегі суылдап қоя берді. Ждақайды түйіп қалды.

— Ана қара, біреу отыр!

— Қайсы.

Екеудің еңкейе қалды. Қарауытқан адам әлден уақытта сопайып орнынан тұрып кейін қайтты. Шет үйге бағыттады. Қолында — құманы.

— Түү, әкенің... Қауқаш қой... дәрет ап жүрген, — деп Ждақай Мажанның қойшысын ондырмай сыбап алды да, шығыс жакқа қарады. Қараңғы аспанның сол жақ тұсы бозара бастапты.

— Қасқа бала, ай туып келеді... — деді Ждақай өрекпіп. — Енді Бұльш өлсе де келмейді.

— Не істейміз енді?.. Құрысын, қайтайық онда, — деді Шеге де өкініп.

— “Қайтқаны” несі қасқалдақ! Екі сомадай жігіт тұрып... келіншек жалғыз жатқанда... — деп дүңк-дүңк етті Ждақай.

— Ендеше бар! Күтіп жатқан шығар... сені... — деді Шеге танауынан күліп.

— Барамын! Несі бар? — деп өз-өзіне дем бергендей қокиланды Ждақай.

— Е, бар! Бар!

— Барамын!

Шегені күлкі буып барады. Ждақайдың сырьы мәлім ғой.

— Неге күлесің? Тонымды шешіп алар дейсің бе барсам?!

— Е, неғып тұрсың ендеше? — деді Шеге де Ждақайдың барғанын қалап.

— Ал кеттім! Біреу көрінсе белгі бер! — деп Ждақай түйенің тасасынан шықты. Бұқпактап бүкен-бүкен желе тұсті. Желе тұсті де бұрылып Шегеге қарады. Шеге “жүре бер” дегендегі қол сілтеді. Ждақай шыбын ұстайтын кісіше сақ басып бүкшенде алға жылжыды. Мұлгіп тұрған отаудың есігіне де жетті. Бойын тіктеп қарауытып есік алдында іркілді.

Шеге де толқып Ждақайдың орнында бейне өзі тұрғандай жүрегі дұрсілден кетті.

Ждақай дыбыс берсе керек, көп күттірмей есік ашылды. Ждақай ішке зып берді.

“Болды бір қызық!” деді Шеге өзіне-өзі. Орнынан қалай тұрып кеткенін білмейді, бір кезде қараса, бұл да бүкенде жабулы есікке қарай ұшып келеді екен. Үй сыртынан Ждақайдың қызығын тамашаламақ. Сөйткенше болған жок, үй ішінде тулак сабағандай

әлдене “таңқ” етті де, іле леген даңғырлап есіктен Ждақай атқып шықты. Атқып шығып беталды та-пырактап ышқына қашты.

Шеге де ойланбастан өкшесін көтерді. Екеуі безіп барады сай жаққа қарай. Бұлардың дүрсіліне желідегі түйе үркіп өре түрегелді. Иттер шу етті.

Шеге Ждақайға қапталдаса беріп:

— Не болды, сорықайнаған?! — деді ырсылдаپ.

— Қасқайтты, бала, қаш! — деп басы қайқайып зымғып барады Ждақай.

Екеуі сол қашқан күйі ауыл іргесіндегі терең сайға бір-ак құлады. Бұл кезде бүкіл ауыл иті атойласып соңдарына түскен еді.

Сайға құласымен екеуі де кейін қарап жер бауырлап жата қалды.

— Ждеке, не болды?

— Несін сұрайсың? Қасқайтты! — деп Ждақай “қиқ” “қиқ” күліп жатыр. Шегенің қолын алыш басын ұстатты. Шекесі шодырайып ісіп кетіпті.

— ...Құтты болсын алған сыйың! Ал айт!

— Есікті аштым. Кірдім, — деді Ждақай екі иығынан тыныстал. Балқия көйлекшең, жұпары аңқып тұрды алдында. “Не керек?” деді. Дауысы қатқыл. Сасып қалдым. Сөзім божырап “Женеше, ойнайықшы!” дептін... Тізем қалтырап аяғын құшып отыра қалдым. Жүрегін жібітейін дегенім еді. Сол еken жеңешем “Қағынғыр, мә, саған ойнаған!” деп төбеме әлденемен “таңқ” еткізді. Қатты ұрды. Қолында оқтау бар еken. Көзімнің оты жарқ етті. Есікке қарай секірдім. Леген бе білмеймін, бір нәрсені басып кеттім. Сөйткенше, жеңешем жауырынымның ортасынан оқтаумен тағы қонжитты. “Ойнаған деген осы!” деп. Табалдырықтан аттай бергенде басым мандайшаға соғыльшып... Эй, қасқайдым-у!..

Шеге жерді құшып иғыс бүлкілдеп жатыр.

— Айт! Шайт! — деп қойдың сыртын айналып біреу айқайлады.

Мажан иттері анадай жерде сап түзеп жақындаپ келмей өупілдесіп тұрған. Ызалы Ждақай бір кезде төрттағандай қалып “Ауф!” деп тұра ұмтылды. Бұттары серейіп тұрған дырау тәбеттер сол-ақ екен, шашырай беріп тоз-тозы шыға қашты.

— Балқиядан көрген зәбірім аздай-ақ... о несі кеп! — деп кейін қайтты Ждақай.

Бұ кезде тұн етегі түріліп, шығыс тұстан қауын тіліктей сарғайып имек ай туып келе жатқан. Қарандылық сейіліп, сол сирек жұлдызды аспан астында мұлгіген үйлер томпиып көзге анық көріне бастады.

Екі бала жігіт те көп ұзамай үйлеріне қайтты. Шеге құдықтың ары жағындағы өз ауылына қарай, Ждақай Мажан ауылының шетіндегі өз үйіне бұрылды.

## 4

Таңертең шаң-шүң дауыстан оянды Шеге. Әкесі мен шешесі екен, шай үстінде кикілжіндесіп отырған. Сол баяғы қалыптары. Шеге тұк естігісі келмей, көрпемен басын қымтап алды. Бірак дастарқан басындағы керіс үдемесе толастар емес.

— Гүлжан! Бар! — деді әкесі. — Бар, Пахраддиннің үйінен бір шақпақ қант әкел! Ертең базаршылар келгесін береміз.

Гүлжан осы үйдегі бес қыздың ең кеңжесі. Шегенің қарындасы.

— Бармайды! — деді шешесі. — Эй, қыз, тырп етпе! Ауылнай болдым деп етік тігуге сен арланғанда,

ауылнайдың қатыны бол үй арасында шекер сұратуға біз де арланамыз. Бармайды.

— Эй, кіспұрыш, сен емес, бала алған келсін деп отырмын! — Экесінің әдепкі шырыл дауысы шыға бастады.

— Бармайды! — деді шешесі. — “Өкімет кедейдікі” деп кеңірдегінді күнде кергілейсің. Тырқ етсе байға қарай жүгіресің. Сонда, пәтуаң қайсы сенің өкімет болғандағы?

Шешесі қара торы келген ірі сүйекті, мінезі салмақты кісі еді. Қоңыр дауыспен айтқан сөзі де салмақты шықты.

Шеге ішінен күліп жатыр. Дәл осы қазір аузына ұтымды сөз түспей қалған әкесінің ашудан қызыарыш кеткен түрін, шақырайған көзін, едірейген жебесін елестетіп жатыр. “Шырылдауық Шәріп” деп жүргт әкесінің осы шапшаң мінезіне қарап атап кеткен.

— Эй, көргенсіз! — деп шаңқ етті, әлден уақытта әкесі. — Не оттап отырсың! Сұрасақ кедей болғасын сұраймыз да! Кедей болмасақ бізді кім қолдар еді?

— Жарылқағаны сонда анау бір мөр ме? Шала туған баладай керегеге іліп қойған? Не қайыр көрдік сол мөрден? Әкім болдым деп сен жүрсің шелтендеп. Кәсібінді тастап. Қара су ішіп біз отырмыз. Байымыз мөр үстады деп мәз болып. Сол мөрінді тістеп іш, ендеше, қанттың орнына!

Шеге мырс етті.

— Қысқарт! Көргенсіздің нәсілі! Тарт! Тарт тілінді мөрден! — деп шақ-шаш етті әкесі.

Балалар шу етті. Шеге төсегінен ыршып тұрды.

Ойлағандай-ак әлжуаздау әкесі, қолында қобди, шешесіне қарай шатынап ұмтылған екен. Шеге екеуінің арасына тұсті.

— Көргенсіздің нәсілі, мөрге тіл тигізбе деп қашанғы айтам! Ауыл-аймағынмен, бота-тайлағынмен құрып кетесің! Білдің бе!

— Білдім, сабана түс! Отыра ғой, шәйің суып қалды! — деп қабағын шытқан шешесі қарасүр өні қабарып шайсандыққа бұрылды. Бармақ басындағы саршекерді алыш, дастарқанға таstadtы.

— Япырм-ау! — деп әкесі өрең сабасына түсті. — Бұл жаман қатын-қалашқа шейін басқа шығып алды-ау, Мөрді тәлкек қылады, әлдеріне қарамай. Тапқан екенсіндер ойыншықты!

Әлгі бармақ басындағы саршекерді “қыт” еткізіп тістеп қойып әкесі шай құйылған құрсаулы кесені қолына алды.

Шеге тысқа шықты. Қатқылдау ызғырық жел бар еді сыртта. Күздің қарасуық таны. Күншығыс жақ аспан сірескен бұлт. Күн шықса да көріnbей тұрған сияқты. Бұрсендең өріске түйелерін қуалап жүрген әйелдер. Құдық жакта біреу шелегін данғырлатып су алыш жатыр. Оның ар жағында қабаққа тырмысып ақ тазысын ертіп жалғыз атты кетіп барады. Аңға бара жатқан Бұльш еді ол. Кешегі Ждақайдың әңгімесі есіне түсіп, ауыл сыртына қарай беттей беріп, Шеге өзінен-өзі күлді.

Бұльш — жалпақ елге аты шыққан аңзы. Жасы отызға келіп қалған сақа жігіт. Оны сүймегендегі кімді сүйсін Балқия. Оның үстіне Бұльш қазір бойдақ. Осыдан екі жыл бұрын әйелі өлген. Рас, кедей. Жалғызлікті жігіт. Үйі анау ауылдың арғы шетінде оқшау тұрған шәукиген құрым үй. Қартайған жалғыз шешесі бар. Қүресіп балуан болғысы келген, мылтық атып мерген болғысы келген жас Бұльшты жағалайды. Бұльшты ұстаз тұтады. Шеге де солай.

Бұлыш ел ішіне оралғалы көп болған жоқ. Қарақұм жақта бір түрікпен байында жалшылықта болып, ел ішіне қайтып келгені был ғана. Бұлыштың атағын шығарған да сол түрікпеннен оралу сапары еді. Оның өзі бір жатқан хикая.

Ақ тазы ерткен қара арғымак атты Бұлыш тұстік беттегі қарауыттып жатқан көлденең жотадан әрі асып көрінбей кетті. Бағыты – Сарыбай құмы.

Осы Бұлыштай жігіт болса ғой. Шеге... Көрер еді Хансұлудың қалай кекірейгенін. Шидем күпісінің өнірін қаусыра түсіп ауыл шетінде тұрып Шеге күрсінді. Мынау Шегенің жаман қоңыр үйі. Анау ауыл ортасында айдыны шығып тұрған үлкен ақ боз үй – Хансұлудың үйі. Сыртта қазықта қантарулы Қаракер құнан тұр. Хансұлудың құнаны. Сол құнанға шейін асылдың тұқымы. Бұл елде жоқ ат. Әкесі Бесқаладан әкеліп берген түрікпеннің әйгілі ақалтекесі. Мойыны құлаш жарым тікбақай құнанға ұзынша таралыш өскен Хансұлу мінгенде маңынан жүргуте Шегенің жүрегі дауаламайды. Сол кезде еркебұлаң жас Хансұлу өте-мөте ерекше көрінеді. Хансұлу бөлінуді, ерекшеленуді осы соңғы жылдары шығарды. Мінезі де түйік болып алды. Бұрын ер баладай бірге ойнап өскен ғой. Мешітте қатар отырып, Лабақ ахуннан бірге дәріс алды. Қазір бір жұмбак мінез тапты. Атына мініп шошайып күнұзын жалғыз жүреді. Немесе үйден шықпай ұзак күнді кеш қылып домбырасын тыңқылдатып отыра береді. Ждақай сияқты бозбалалар тъжырынып: “Хансұлу”, “Хансұлу” дегенге настанып, көнілі өсіп кеткен ғой” дейді. “Пахраддиннің қызымын деп көкірегін кергені де” дейді. Бірақ жұрт қанша жамандағанмен Шеге жек көре алмайды Хансұлуды. Керісінше, жұрттан

бойын аулақ салған, осы “тәкаппар” сопақша бет, қайқы кірпік, түрік ерін қызға деген ынтығы бұрынғыдан да арта тұсті.

— Келе жатыр! Келе жатыр! — деген айқай шықты, ауылдың өріскей тұсынан. Сөйтсе, Қозбағар екен. Әлгінде өріске беттеген қой сонында бара жатыр еді. Етженді балажігіт аюдай қорбандалп ауылға қарай далпылдалп жүгіріп келеді. “Бұ несі?” десе, сонау Қарауыл төбенің теріскей бәктерін қызып өтіп тырнадай тізіліп керуен келеді екен. Қалашылар керуені. Осы екі ауылдың Темірдегі жәрменкеге кеткен қалашылары.

— Хансұлу! Әй, әй, Хансұлу! Көкең келе жатыр! Көкең! — деп құдды өз әкесі базардан келе жатқандай әрпіл-тәпіл жүгіреді Қозбағар. Табаны жарқ-жарқ етеді. Өзі Пахраддин үйінің малын бағады. О, Жаратқан Ие, сөйте жүріп Хансұлудан бұ да дәмегөй.

Қозбағардың айқайынан бүкіл ауыл құлақтанып, жұрт андыздап тысқа шықты. Бала біткен шуылдалп керуенің алдынан жүгірді.

Үйінен Хансұлу да шықты. Сымдай тартылып ықшам киініп алыпты. Құлғін тұсті зәгран шалбар, қынама бел қырмызы пұліш кәмзол. Биік өкше етік. Үкілі кәмшат бөрік. Қолында қамшы.

Арсаландалп жүгірген Қозбағарға пысқырып та көз салмай, атына қарай беттей берді. “Орыстың әпісеріндей, пай-пай, мына қыздың тіп-тігін-ай!” — деп Хансұлу жәйлі Қиқымбай айтқан сөз тұсті есіне.

Хансұлудың арықша келген өсем тұлғасынан көз ала алмай күрсінді Шеге.

Тықыршып түрған құнанына қарғып мініп, келесі сөтте Хансұлу да ауыл балаларының сонынан Қарауыл төбеге қарай жосылтып шауып бара жатты.

Ат жалына сөл еңкейіп, қабағын түйіп алған. Қаракер құнаны бейне аяғы жерге тимей ұшып келе жатқандай. Қарсы беттен ысылдалап сокқан жел ашаң жүзді, әдемі бидай өнді, көз қығының құйырышы қайқылау сұлу қыздың қөзінен жас парлатты. Кішкентай танауы қусырыла түсіп, сонда да, алдына тура қарап құйғытады.

Хансұлудың жүйрік құнаны көп ұзамай ауыл балаларын артқа тастап, сары беткеймен салдыртып келе жатқан мол жүкті, іркіс-тіrkіс керуеннің алдын орады. Жақ жұндері үрпіп, беттерін шаң басқан, көздері қызырып іскен жолсоқты жолаушылардың ішінен ә дегенде Хансұлу әкесі Пахраддинді іздең еді, көре алмады. Керуен алдында – ағасы Әзберген. Батыр тұлғалы Әзбергеннің беті бұрынғыдан да қалындалап кеткендей. Қалың бетіне шанжаулап түк шыққан.

— А, Хансұлу, амансыздар ма? — деді, қабағы салбырап.

— Аманбыз. Көкем қайда? — деді Хансұлу. Әзберген ағасының неге екені белгісіз, қанталаған көзі мұлдем ызғарлы еді. Жауар бұлттай түсі түнеріңкі.

— Лабақ ахундікіне қарай бұрылған... әлгінде, — деді қою дауысы қоңырлау шығып. Керуен салдыртып жаңынан өте берді.

Хансұлу енді тықыршыған кер құнаның басын күн астына қарай бұрды. Қаракер жусанды жазықпен сарыжайдың оғынданай зырқырап келеді.

Жосытып шапқан Хансұлу көлденең жатқан дөнгө көтерілгенде алдынан бірі түйе, бірі ат мініп қатар келе жатқан екі жолаушы көрінді. Қарақасқа айғыр мінген әкесін алыстан таныды. Қасындағы ақ түйе мінген, ақ шапанды, басына ақ шалма тартқан, әрине,

Лабақ ахун. Лабақ ахун – осы елдің бала оқытатын ишаны. Жылыбулақта мешіт үстайды. Хансұлу осы кісінің қолынан хат таңыған. Көп кітапты, оқымысты ғұлама, әрі өзі дүниенің тольш жатқан дастан-жырын жатқа айтатын жырау.

Әкесі Пахраддин кең иықты, мол денелі, сақалшашы көкбурыл тарта бастаған ат жақты, сұлу көзді, келбетті кісі. Ат үстінен еңкейіп, жаяу келіп сөлем берген қызының бетінен сүйіп, ұзак еміренді. Хансұлудан бұрын Әли, Қали деген екі ұлы болыпты әкесінің. Екеуі де шешектен қайтыпты. Солардан кейін туған жалғыз Хансұлуды әкесі ұлдан кем көрмейтін.

— Сұлутай! Амансыздар ма? — деп қобалжып, дауысы дірілдеді. Кең шаралы, аласы мол мейірбан көзіне жас іркілді. Жоталы мұрны домбырып сөл іскендей. Тұмауратқан кісідей түрі.

— Көке, сырқаттан саусыз ба? — деді Хансұлу, қарлығаштың қанатындаған, қасы дір етіп.

— Жок, Сұлутай, — деді әкесі. Бұдан бір сыр бүккен тәрізденді.

Екеуі ақ түйесін желдіртіп озып кеткен аққудай арық шал ахунға желе жортып қып жетті. Шал бетін бурмаған күйі термелеп:

— Уай, інім Пахраддин! “Бай-бағланды кем көрер, құл-құтанға дем берер, қарсы келген жайсанды, ат көтіне өңгерер” деген едік қой. Өкіметтің жағадан осы алғаны алған-дүр. Темірде естіп-білгенің сол алапаттың басы-дүр. Лекин, көрер хикматымыз әлі алда-дүр, — деп бір қайырды.

Астындағы айыр өркеш ақ түйесі шудасы желпілдеп майпаң-майпаң желеді. Жол жөнекей ахун термелеп көп сөйледі. Дүние-ғалам жаралғаннан бастап, осы күнге дейінгі болып жатқан хикматтардың барлығы